

Жамбыл ауданының жолаушыларын әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдау тарифтерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 5 мамырдағы № 138 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 5 мамырда № 5994-05 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 27 мамырдағы № 237 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 27.05.2025 № 237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 1-тармағы 9) тармақшасына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 19-бабының 4-тармағына сәйкес, Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл ауданының аумағында жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдау тарифі 100 (жүз) теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жамбыл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданы әкімі

Н. Ертас

"КЕЛІСІЛДІ"

Жамбыл аудандық мәслихаты